

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 323-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 9-11 қаңтарда Астана және Алматы қалаларында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету, сондай-ақ Ресейдің Қазақстандағы жылының салтанатты ашылуына арналған іс-шараларды өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 9-11 қаңтарда Астана және Алматы қалаларында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен ведомстволары 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан-Ресей құжаттарына сапар барысында қол қоюға дайындықты қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):
2-қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген, қаражат есебінен, сапарды өткізу шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Ресей Федерациясының делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Ресей Федерациясы Президентінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Үшінші елдерге әскери мақсаттағы өнімнің экспортын жүзеге асыру кезінде өзара іс-әрекет тәртібі туралы келісімнің жобасы (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі).

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісімнің жобасы (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі).

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Күпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімнің жобасы (Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Мемлекеттік құпияларды қорғау жөнiндегi бөлiмi).

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді Ресей Федерациясы кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерінің күзетуін қамтамасыз етуі туралы келісімнің жобасы (Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі).

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоныс аудару процесін реттеу мен қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімді іске асыру тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мен Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі арасындағы хаттаманың жобасы (Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі).

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

3 0

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

3 2 3

ө к і м і н е

2-қосымша

Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелерін (1+11) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласының "Окан Интерконтиненталь - Астана" және Алматы қаласының "Хаятт-Ридженси" қонақ үйлеріне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Астана қаласының "Окан Интерконтиненталь - Астана" және Алматы қаласының "

Хаятт-Ридженси" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Ресей Федерациясы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Ресей Федерациясының делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің құрметіне ресми қабылдау ұйымдастыру.